

Төлем карточкалары бойынша клиенттерге қызмет көрсету ережесіне толықтыру

Клиенттерге қызмет көрсету, соның ішінде электрондық банктік қызмет көрсету талаптарын жақсарту, 2011 жылғы 5 тамыздағы № 29 (276) «Деловой Казахстан» баспа басылымында жарияланған Kaspi Bank АҚ банктік қызмет көрсету шарттарының Бас (үлгі) ережелері, 2013 жылғы 21 наурыздағы № 11 (390) «Капитал» баспа басылымында жарияланған Kaspi Bank АҚ банктік қызмет көрсету шарттарының Бас (үлгі) ережелері, 2013 жылғы 28 мамырдағы №2 (18) «Просто о финансах» клиенттерге арналған журналда жарияланған Kaspi Bank АҚ банктік қызмет көрсету шарттарының Бас (үлгі) ережелері, 2013 жылғы 30 наурыздағы #2 (23) «Просто о финансах» клиенттерге арналған журналда жарияланған «Kaspi Bank» АҚ несие картасын берудің және оған қызмет көрсетудің стандарт ережелері (бұдан әрі – Үлгі ереже) аясында Клиенттің қызмет алу тәртібін оңайлату мақсатында Үлгі ережеге төмендегі толықтырулар енгізілсін:

1. Үлгі ереженің аясында Банк Қашықтан байланысу арналарының бірі, соның ішінде Жеке кабинет/Электрондық кабинет, Мобильді қосымша (соның ішінде Push-хабарлама) арқылы, Телефон нөміріне СМС-хабар жіберу арқылы Клиентке Картаның деректемелерін хабарлай отырып, Клиентке электронды түрде төлем карталарын (Карталарды) шығаруға/қайта шығаруға құқылы.
2. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты Банк Клиентке Банктің таңдауы бойынша Қашықтан байланысу арналарының бірімен, соның ішінде Жеке кабинет/Электрондық кабинет, Мобильді қосымша (соның ішінде Push-хабарлама) арқылы, Телефон нөміріне СМС-хабар жіберу арқылы Картаның деректемелерін ұсына отырып, автоматты түрде Картаны электронды түрде қайта шығаруы мүмкін. Қайта шығару Картаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе кейін кез келген кезеңде жүзеге асырылуы мүмкін.
3. Картаның қолданылу мерзімі Картада көрсетіледі немесе қашықтан байланысу арнасы арқылы хабарланады. Карта Картада көрсетілген ай мен жылдың соңғы күніне (қоса алғанда) дейін немесе Қашықтан байланысу арнасы арқылы Картаның деректемелерін хабарлаған кезде көрсетілген ай мен жылдың соңғы күніне (қоса алғанда) дейін немесе Қашықтан байланысу арналарының бірімен, соның ішінде Жеке кабинет/Электрондық кабинет, Мобильді қосымша (соның ішінде Push-хабарлама) арқылы, Телефон нөміріне СМС-хабар жіберу арқылы Банк хабарлаған өзге мерзімге дейін қолданылады.
4. Банк Клиентке картаның қолданылу мерзімінің аяқталатыны туралы Клиент Банкке келген кезде өзіне немесе оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 10 күн бұрын Банктің таңдауы бойынша Қашықтан байланысу арналарының бірімен хабарлайды.
5. Өзінің Жеке кабинетіне/Электрондық кабинетіне қолжетімділік алу үшін Клиент «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы Банктік қызмет көрсету шартында және www.kaspi.kz және www.kaspibank.kz сайттарында орналастырылған «Kaspi Bank» АҚ-та электрондық банктік қызмет көрсету ережелерінде (бұдан әрі – ЭБТҚ ережесі) белгіленген тәртіппен және талаптарда www.kaspi.kz сайтындағы әрекеттерді орындайды.
6. Карта электронды түрде шығарылған/қайта шығарылған жағдайда, Банк Клиентке Қашықтан байланысу арналарының бірімен, соның ішінде Жеке кабинет/Электрондық кабинет, Мобильді қосымша (соның ішінде Push-хабарлама) арқылы, Телефон нөміріне СМС-хабар жіберу арқылы картаның деректемелерін ұсынған күннен бастап Клиент Картаны алған болып саналады.
7. Клиенттің Банкке берген жазбаша, электрондық немесе ауызша өтініші (бұдан әрі – өтініш) негізінде Клиент Картаны (соның ішінде кейіннен Картаны заттай тасымалдағышта алу арқылы электронды түрде шығарылған) қайта шығаруға құқылы. Клиент Картаны қайта шығаруға электрондық өтінішті www.kaspi.kz сайтында техникалық мүмкіндік болған кезде береді. Карта электронды түрде шығарылған жағдайда, картаның деректемелері туралы ақпарат Клиентке Қашықтан байланысу арналарының бірімен хабарланады.
8. Пайдаланалған терминдердің Үлгі ережеде немесе ЭБТҚ ережесінде айқындалған мағынасы бар.
9. Осы толықтыруда қамтылмаған Үлгі ережелердің талаптары күшін сақтайды және өзгерістерсіз қолданылады.
